# Педагог

№2 (86)
(Наурыз-Сәуір)
(Март-Апрель)
2025

*Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца*

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2011 года на казахском и русском языках

**Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал**
**Республиканский научно-методический педагогический журнал**


## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ


**Ғ. Абаева**

Құрметті Ақсәуле Ерженбайқызы!....3

**Ұ. Қыяқбаева**

Ұлағатты ұстаз, тағылымы мол тұлға....4

**Р. Бекмагамбетова**

Семьдесят лет на орбите науки: жизнь, отданная открытиям....8

**А. Амирова**

Ұстаздың дара жолы....10

**Б. Тұрғынбаева**

Профессор Ақсәуле Ерженбайқызы Манкештің ғылымдағы жолы және оның педагогика саласына әсері....12

**Р. Керимбаева**

Жүрегі таза, нағыз ғалым адам....16

**Ж. Туриспаев, Э. Серикбаева, Н. Макашева**

Өнеркәсіп орнының өндірістік құрылымы....18

**Д. Кожахметов**

Инновационные подходы в организации дополнительного образования: phygital-концепция и ранняя профориентация....22

**А. Айтбаганбетова, К. Жакипбеков,**
**Н. Рахымбаев, Н. Макашева, Г. Ғани**

Фармацевтикалық өндірістегі су ресурстарын тиімді пайдалану және экологиялық тұрақтылықты арттыру жолдары....28

**А. Куангалиева**

Музыка және өнер мектептеріндегі жаңа бағыттар....31

**А. Ибраева**

Ұлттық құндылықтар: тәрбиенің түп қазығы....34

**В. Ли**

Английский язык в современном обществе....36

**В. Габченко**

Со школы с дипломом колледжа....39

**Г. Ахметова**

Автоматизация звука [Р] в слогах, в словах и предложениях....42

**Н. Ташкенбаева**

Тасымал....47



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 15.02.2010 ж. Астана қаласында тіркеліп, №10712-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды 08.04.2025 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312



**Редакцияның мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 303 37 67.
Эл.пошта: **pedagog-ltd@mail.ru**



Журнал <<RADO Print>> баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46, кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
**Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА**

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:
## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

**Н. Омашев** – ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** – педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

**Ә. Дүйсебек** – Ұлттық құндылықтар Академиясының вице-президенті.

**А. Миразова** – Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

**Р. Кіршібаева** – Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



*Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.*

*Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.*



Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры и
информации РК в г. Астане.
Выдано свидетельство №10712-Ж
от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 08.04.2025 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»


Адрес: 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;
сот.т.: 8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru**


Журнал напечатан в типографии
<<RADO Print>>
г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А


### *НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!*

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

### *ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!*

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

# Құрметті Ақсәуле Ерженбайқызы!

**Ғалия Әскербекқызы АБАЕВА,**
**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**
**Педагогика және психология факультетінің деканы,**
**педагогика ғылымдарының кандидаты.**
**Алматы қаласы.**



Сізді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы атынан 70 жасқа толған мерейлі мерекеңізбен құттықтаймыз!

100 жылдық тарихы тереңде жатқан қара шаңырақ, білім ордасының өзіндік сипатын қалыптастырудағы атқарған еңбегіңіз ұшан-теңіз. Білім саласында, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру саласында кіршіксіз адал қызметіңіз ұрпақтан ұрпаққа өнеге болып таралады. Сіз бүгінде ардагер ұстаздарымыздың көшбасшысы әрі ақылшысысыз.

Еңбек жолыңызды қарапайым жұмысшыдан бастап, мектепке дейінгі білім беру саласының көрнекті ғалымына дейін өткен жолыңызда қыруар қиындықтарды еңсере отырып, қаншама жетістіктерге жеттіңіз.

«Ұстаз» дейтін атаққа кір келтірмей, жан-жақты біліктілікті, қай істе болмасын тапқырлық пен ұстамдылықты, адалдықты, мәдениеттілікті бір бойына жиып, үлкенге де кішіге де үлгі болар ұстаздық жолдағы еңбектеріңіз соның айқын дәлелі.

Сізді Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінде қызмет атқарған кезіңізден бастап, өмірден тоқығаны мол, ұстаз, ғалым ретінде жақсы білеміз. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және адами қасиеттер Сізді қатардағы ұстаздан ғалым деңгейіне көтерді. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру саласында ғылыми кадрлар даярлау ісіне сүбелі үлес қосып келесіз.

Ұстаздық өмірде еңбексүйгіштік, білім жолында табандылық, ізгі сезімдермен шыңдалған, азаматтық ұстанымынан айнымай, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленген, ғылым мен ұстаздық өмірде тұлға ретінде шәкірттеріңіздің құрметіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да, қиын салаларын атқару арқылы абырой мен беделге иесіз.

Бүгінгідей мерейлі сәтте Сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыс-

тартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Осындай мерейлі жасқа келген құрметті Ақсәуле Ерженбайқызы өмірде тұғырыңыздан таймай, ұлы ұстаздық жолда көптеген асуларды табандылықпен, шығармашылықпен бағындырып, алдыңызға қойған асыл мұраттарыңызға жете беруіңізге, мыңдаған шәкірттеріңіздің, бірге келе жатқан әріптестеріңіздің, қыздарыңыздың қызығын молынан көріп, мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, қажыр-қайратыңыз кемімей, өркендей беруіңізге шын жүректен тілектеспіз!

Өзіңізге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, жүрек гүлінің мәңгі солмауын, шаңырағыңызға шаттықтың орнауын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз! Әрқашан осы жігерлі, қуатты қалпыңыздан таймай, әлі де талай асулардан аса беріңіз!

Ендігі жерде сексеннен асып, тоқсанға тоқтамай, жүзге жетіңіз. Жасыңызға жас қосып, әулетіңіздің амандығы мен ауызбіршілігін қызықтап көре беріңіз. Жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, шыққан биігіңізден түспей, білім әлемінің тарихында есіміңіз алтын әріппен жазылсын. Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын, құрметті Ақсәуле Ерженбайқызы!

# Ұлағатты ұстаз, тағылымы мол тұлға

«Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады», – деп бекер айтылмаса керек. Демек, қай халықтың болмасын тарихында тәлімгер ұстаздың тұлғасы тұратыны белгілі. Адамгершілік пен мәдениеттіліктің, білім мен біліктіліктің бастауы қашан да ұстаз екені заңды құбылыс.

Өмірде сирек кездесетін тұлғалар болады. Ешкімге ұқсамайтын, дара табиғатымен танылған, әрбір ісін ойланып, толғанып істейтін, ешқашан асығыс шешім қабылдамайтын, өте тиянақты, жауапкершілігі мол, сенімділік, батылдық, қайсарлық, шыдамдылық сияқты асыл қасиеттерге толы, ғылымның биік шыңында кірпіш болып қаланған ғалым, ұлағатты ұстаз Ақсәуле Ерженбайқызы туралы мерей жасында ізгілік ниетпен ыстық лебізімді білдіруді өзімнің парызым деп санаймын.

Шынында да, белгілі бір тұлға туралы ой толғап, еңбегі мен өмір жолын сараптай бастасақ, оның тегіне, өскен, қалыптасқан ортасына көз жібере отырып, ғалымның адами болмысын тани бастайтынымыз ақиқат.

Ақсәуле Ерженбайқызы қатардағы ғалым-ұстаздардың «бірі ғана емес», «берегейі» - деп айтуға болады. Білімді, алғыр ұрпақ тәрбиелеп, еліміздің әлемдік кеңістікке шығуына және танылуына қомақты үлес қосып келе жатқан, табиғатынан жаны жақсылыққа құмар, ізденуден жалықпайтын, ізгілік пен адамгершілікті өмірінің мәні деп санайтын Ақсәуле Ерженбайқызы – танымы мен талғамы жоғары білікті ұстаз. Өйткені ұстаздық жолын ғылымиәдістемелік тәжірибемен үйлестіре білген кәсіби білікті, шебер әрі еңбекқор ғалым.

Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға, - деген хакім Абайдың ұлағатты сөзін өзінің өмірлік қағидасына айналдырған ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған ұлағатты ұстаз – Манкеш Ақсәуле Ерженбайқызы бойындағы асыл қасиеттер өзінің ата-анасынан дарыған деп айтуға болады. Өйткені халқымызда «Топырағына қарап дән өседі, тегіне қарап жан өседі» - деген өте орынды айтылған даналық қағиданың ғалымның өмірі мен еңбек жолында маңызды рөл атқарғанына бүгін бәріміз куә болып отырмыз.

Шындығында адам баласы туа салып, бірден сана сезімі қалыптасып, мамандығын бірден таңдап, білімді де білікті тұлғаға айналмайды.

Баршамызға мәлім, 2025 жыл Мемлекет басшысының Жарлығымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. «Мемлекет басшысының биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп атауы керемет бастама деп ойлаймын. Неге десеңіздер біздің қоғамда жұмысшы мамандығына деген көзқарас ескірді, халықтың түсінігі сонау Кеңес Одағы кезінде қалыптасқан. Қазір біз сол көзқарастан арылып, өскелең ұрпаққа жұмысшы мамандығының маңыздылығын жастарға кеңінен түсіндіруіміз қажет. Еліміз қазір жан-жақты дамып, еңбек нарығына жаңа технологиялар енгізіліп, технологияның түр-түрі пайдаланылып жатыр. Сәйкесінше жаңа технологияны басқару үшін сол саланың білікті де білімді маманына сұраныс артуда.

Осы орайда жұмысшы мамандығының маңыздылығына сонау мектеп бітірген жылы-ақ Ақсәуле Ерженбайқызында дұрыс ой қалыптасқан. Оны біріміз білеміз, біріміз білмейміз. Ақсәуле Ерженбайқызы он жылдық мектепті бітірісімен өзінің туған ауылында мұнай саласында токарлық мамандық бойынша жұмыс атқарған. Арада жыл өтпей-ақ «біздің Ақсауле» деген атты иеленіп, елінің құрметіне бөленіп өрімдей жас қыз Ақсәуле Ерженбайқызы облыстық Советтің депутаттығына да сайланады. Еңбек жолын қарапайым жұмысшы мамандығынан бастаған Ақсәуле Ерженбайқызы еңбекқорлық пен табандылық сияқты игі қасиеттерінің арқасында жұмысшы мамандығының қыры мен сырын меңгеріп, рухани күш алып, еңбектің рахатына бөленіп, қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру саласының майталман маманы.

Ұстаздық өмірде еңбексүйгіштік, білім жолында табандылық, ізгі сезімдермен шыңдалған, азаматтық ұстанымынан айнымай, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленген, ғылым мен ұстаздық өмірде тұлға ретінде шәкірттері мен әріптестерінің құрметіне бөленіп, ұстаздық қызметтің ең қызықты да, қиын салаларын атқару арқылы жетіп отырған ұлағатты ұстаз Ақсәуле Ерженбайқызының бедел-абыройын атап өтпей кетуге болмас.

Ақсәуле Ерженбайқызы өмірдің, еңбектің, бейнеттің, тұрмыстың қызығын да, қиындығын да, барын да, жоғын да бір адамдай көріп, өмір жолында кездескен сан қиындықтарға мойымай, қиналғанда қуат беретін, оңашада ойына ой қосатын, бақытқа бастар ақылшы, торыққанда таяныш болған білім мен ғылымды өмірінің мәні деп қарады. Жылдар өте ізденістің, қабілет пен қасиеттің арқасында педагогикалық шеберлігі қалыптасып, өмірге деген көзқарасы кеңейіп, ғылым жолына бүкіл ғұмырының рухани азығына, қызығы мен қуанышына айналған мектепке дейінгі білім беру саласында өзінің «өмір мектебін» қалыптастырды.

1974 жылы Гурьевтің педагогикалық университетіне түсіп, 1978 жылы аталған институттың толық курсын тарих және қоғам тану мамандығы бойынша бітіріп, өзі туып өскен Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Сарықамыс орта мектебінде тарих пәнінен сабақ береді.

1973-1975 жылдары Маңғыстау облыстық Советінің депутаты болып сайланған.

1979-1991 жылдары Алматы қаласында балабақшада әдіскер, мектепте мұғалім, 1992-2002 жылдары Алматы қалалық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында

әдіскер, кафедра меңгерушісі, 2002 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (ҚазҰПУ) докторантурасында оқиды.

2002-2010 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық униветитетінде доцент қызметтерін атқарған.

2010 жылдан бастап Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, 2012 жылдан профессоры. 2014 жылдан Педагогика және психология факультетінің, мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасында профессор қызметінде.

Білім беру саласындағы ерекше еңбегі, педагогикалық кадр даярлауға қосқан үлесі үшін профессор Ақсәуле Ерженбайқызы «Үздік Ұстаз», «Құрметті қызметкер» төсбелгісімен марапатталды.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие беру сатысында 1992-1995 жылдары алғашқы рет «Экологиялық білім беру бағдарламасын» жасап, оқу бағдарламасы мен стандартына «Экология» пәнін енгізілуіне үлес қосып, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру бойынша республикада тұңғыш рет докторлық диссертация қорғаған ғалым.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен шығарылған бірнеше оқулық, бағдарламалардың, жоғары оқу орындарына арналған «Экология» (2009) оқулығының, «Экологиялық білім берудің теориясы мен әдістемесі» «Экологиялық бағыттағы оқу-әдістемелік кешендердің», 2017 жылдан «Экология негіздері», «Жаратылыстану» электронды оқулықтарының, «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашы-



лық қабілетін дамыту», оқу-әдістемелік құралы (қазақ және ағылшын тіліндегі нұсқасының», «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру сабақтастығы» оқу-әдістемелік құралдарының авторы.

2003-2006 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті жанындағы кандидаттық және докторлық диссертация қорғау кеңесінде Ғылыми Кеңесінің мүшесі болып, жас ғалымдарға ғылыми тұрғыда бағыт-бағдар беруде орасан зор еңбек сіңірді.

Қатарынан бірнеше жыл «Алматыкітап» баспасы жанындағы сапалы оқулықтар жөніндегі эксперт, Педагогика және психология факультетіндегі «Ғылыми семинардың» тұрақты мүшесі, «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасында докторлық диссертациясын талқылауға арналған кеңестің төрайымы міндеттерін атқарды.

1998 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың жанындағы диссертациялық кеңесте «Балабақшаның ересектер тобындағы балаларға қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық тәрбие беру» тақырыбында кандидаттық диссертация, ал 2009 жылы «Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығының ғылыми педагогикалық негіздері (отбасы – балабақша – бастауыш сынып)» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған.

Қазіргі таңда Ақсәуле Ерженбайқызы Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы мамандығы бойынша мектепке дейінгі білім беру саласында маман даярлау бағытында магистрлік және докторлық ғылыми зерттеулерге жетекшілік етеді. Ол жетекші ретінде 2 ғылым кандидатын, 5 PhD докторын, 30-ға жуық педагогика ғылымының магистрін дайындады.200-ден астам ғылыми еңбектің авторы, импакт-факторы бар жоғары рейтингті импакт-факторлы журналдарда ғылыми мақалалары жарияланған.

Ақсәуле Ерженбайқызы мектепке дейінгі ілім мен білімнің тереңіне үңіле, оның қыры мен сырын, күрделігі мен талабын зерделей отырып, рухани азық алып, ғылым жолында шәкірттері мен әріптестерінің алдында құрметке бөленіп, ой-өрісі кемелденген, өз мамандығын жете меңгерген ұлағатты ұстаз.

Педагогика ғылымына өзінің өрелі ойымен, ғылыми, педагогикалық, әдістемелік еңбектерімен 45 жылдық ұстаздық тәжірибесімен, кімге де болса өнеге боларлық тағылымды тағдыр өмірімен де, қоғамның нақ ортасынан өзінің заңды тұлғалық орны қалыптасқан аяулы ұстаз, Ақсәуле Ерженбайқызы мектепке дейінгі білім мен ғылым саласында бәсекеге қабілетті маман даярлауда атқарып жатқан игі қызметтеріңізге, адами қасиеттеріңіз бен дүниетанымдық мәдениетіңізге, рухани күш-жігеріңіз тоғысқан қадамдарыңызға тек сәттілік серігіңіз болсын.

Ақсәуле Ерженбайқызы жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі 70 жасқа алып жетті. Біле білгенге 70 жас – карттық жас емес, қазына жас. Сіз осы кемелдікке көз қызықтырар тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырған жайыңыз бар.

Құрметті де ардақты Ақсәуле Ерженбайқызы, мерейлі 70 жасқа келген өмірде тұғырыңыздан таймай, алдағы ұлы ұстаздық жолда көптеген асуларды табандылықпен, шығармашылықпен бағындырып, алдыңызға қойған асыл мұраттарыңызға жете беруіңізге, мыңдаған шәкірттеріңіздің, бірге келе жатқан әріптестеріңіздің, көзіңіздің ағы мен қарасындай қызыңыздың, немерелеріңіздің қызығын молынан көріп, мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, қажыр-қайратыңыз кемімей, өркендей беруіңізге шын жүректен тілектеспін!

**Ұ.Қ. ҚЫЯҚБАЕВА,**
**п.ғ.к., профессор, Абай атындағы**
**Қазақ ұлттық педагогикалық**
**университеті Мектепке дейінгі білім беру**
**және әлеуметтік педагогика кафедрасының**
**меңгерушісі.**
**Алматы қаласы.**

# Семьдесят лет на орбите науки: жизнь, отданная открытиям

В этом году 11 апреля в КазНПУ имени Абая отмечается 70-летний юбилей известного ученого Манкеш Аксауле Ерженбаевны, внесшей весомый вклад в развитие дошкольного образования Казахстана.

Ее имя прочно связано с модернизацией дошкольного образования, в частности, экологического воспитания детей дошкольного возраста.

Аксауле Ерженбаевна посвятила свою жизнь исследованию вопросов экологического воспитания детей дошкольного возраста.

Ее научные труды и практичес-кие разработки легли в основу многих современных методик, используемых в детских садах нашей республики.

Тема ее докторской диссертации связана также с данной проблемой:

«Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығының ғылыми-теориялық негіздері (отбасында, балабақша мен бастауыш сыныпта)»

На протяжении десятилетий ее исследования и труды стали основой для модернизации дошкольного образования.

Ее перу принадлежат следующие научные труды по экологическому воспитанию:

- учебник «Экология», рекомендованный Министерством образования и науки Республики Казахстан (2009);
- учебное пособие «Теория и методика экологического образования»;
- учебное пособие «Основы экологии» (2017);
- учебно-методическое пособие «Экологиялық бағыттағы оқу-әдістемелік кешендердің»,
- электронный учебник «Жаратылыстану» и т.д.

Труды ученого оказали значительное влияние на развитие системы дошкольного образования Казахстана. Ее подходы используются во многих детских садах нашей страны, а ее ученики продолжают развивать идеи своего наставника, внедряя передовые методики в педагогическую практику.

Под ее руководством защищены 2 кандидатские диссертации и 5 докторских диссертаций (PhD), 30 магистерских диссертаций.

Среди ее главных достижений:

- Разработка авторских методик экологического воспитания дошкольников, учитывающих возрастные особенности детей;
- Внедрение инновационных педагогических технологий, таких как игровые методы, проектная деятельность и наблюдение за природой;
- Создание программ повышения квалификации для педагогов дошкольного образования;
- Популяризация идей экологического воспитания среди родителей и общественности.

По ее мнению, значимость экологического воспитания дошкольников заключается в том, что экологическое воспитание в раннем возрасте формирует:

- Любовь и уважение к природе;
- Ответственное отношение к окружающей среде;
- Первичные навыки экологичес-ки безопасного поведения;
- Осознание взаимосвязи между человеком и природой.

Аксауле Ерженбаевна считает, что экологическое воспитание дошкольников играет важную роль в формировании их личности и мировоззрения. Оно способствует развитию осознанного отношения к природе, формированию экологической культуры и ответственного поведения.

Формирование экологического со-




знания у детей дошкольного возраста способствует воспитанию будущих граждан, способных бережно относиться к природным ресурсам, поддерживать экологическое равновесие и принимать обоснованные решения в сфере экологии.

Экологическое воспитание дошкольников является одной из приоритетных задач системы дошкольного образования Казахстана. Важность этого направления закреплена в следующих нормативных документах:

**- Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан**, где экологическое воспитание рассматривается как один из ключевых компонентов развития личности ребенка.

**- Программа «Балапан»**, направленная на модернизацию дошкольного образования, включает аспекты экологического воспитания.

**- Концепция экологического образования Республики Казахстан**, где подчеркивается необходимость раннего формирования экологической культуры.

Вклад ученого в развитие дошкольного образования и экологического воспитания является значимым не только для Казахстана, но и для мировой педагогичес-кой науки.

Ее научные труды и практические разработки помогают воспитывать у детей любовь к природе, формировать ответственное отношение к окружающему миру и обеспечивать преемственность экологического воспитания на всех этапах обучения.

Важно продолжать ее дело, развивая экологическую культуру будущих поколений и обеспечивая устойчивое развитие общества.

В день ее 70-летнего юбилея хочется выразить благодарность за огромный вклад в развитие дошкольного образования и пожелать здоровья, благополучия и новых достижений.

Научное наследие Аксауле Ерженбаевны будет служить многим поколениям детей и педагогов, внося значимый вклад в будущее Казахстана.

**Р.К. БЕКМАГАМБЕТОВА,**
**доктор педнаук, профессор кафедры дошкольного образования и социальной педагогики факультета педагогики и психологии КазНПУ имени Абая.**

# Ұстаздың дара жолы

Ұстаз... Қандай қасиетті сөз! Бүгін қасиетті білім ордасында, қаймағы бұзылмаған ұлтымыздың ұлық дәстүрі сақталған қара шаңырақта, ұлт ұстаздарының алтын ұясында үлкен той. Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі Ұстаз. «Ұстаз» деген қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады.

Бұл той – өмір жолы үлгі боларлық, ғалым, ең бастысы ұлағатты



ұстаз тойы. Себебі ұстаздық – аса үлкен жауапкершілікті арқалаған, кемел ақыл мен терең парасаттылықты, қарапайымдылық пен қайраттылықты, сонымен қатар үздіксіз қажырлы еңбекті қажет ететін киелі мамандық десек, бүгінгі той осы қасиеттерді ұзақ жылдық қажырлы еңбек, аянбай іздену мен өзіне де, өзгеге де қатаң талап қоя отырып, ұрпақ тәрбиесін, ұлт мүддесін қашанда сақтай білген күш-жігердің иесі Сізге арналады. Бұл сый құрмет қиыны мен қызығы мол өресі биік, өрісі кең еңбегіңіздің бағалануы деп білгейсіз.

Ақсәуле Ерженбайқызы алдына келген шәкіртінің бойынан құнды қасиетті көре, тани біліп «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей шәкірттің дарындылығын бағалай отырып, оны білім нәрімен сусындатқан ұстаз, жас буынды өмірдің қыр-сырына баулыған жан. Ғылым көкжиегінде адами тұлғаны қалыптастырған жаны таза, пейілі ақ Сіздің бүгінгі шыққан шынар шыңыңыз – жастарға үлгі болар мәртебелі шың!

Елімізде мектепке дейінгі педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлесін қосып, Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы диссертациялық кеңесте 1998 жылы «Балабақшаның ересектер тобындағы балаларға қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық тәрбие беру» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғауында ресми рецензент болдым. Осы бағытты ары қарай жалғастырып, 2009 жылы «Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығының ғылыми педагогикалық негіздері (отбасы – балабақша – бастауыш сынып)» тақырыбында докторлық диссертация қорғауы мамандығына деген сүйіспеншілігі деп түсінеміз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен шығарылған бірнеше оқулық, бағдарламалардың, жоғары оқу орындарына арналған «Экология» оқулығы, «Экологиялық білім берудің теориясы мен әдістемесі» оқу құралы, 2001жылдан «Алматыкітап» баспасынан шығатын «Экологиялық бағыттағы оқу-әдістемелік кешендері», «Экология негіздері», «Жаратылыстану» электронды оқулықтарының авторы ретінде елімізге танымал ғалым. 1992-95 жылдары «Экологиялық білім беру бағдарламасын» жасап, алғаш рет мектепке дейінгі тәрбие саласына «Экология» пәнін енгізген.

Ақсәуле Ерженбайқызы Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, мектепке дейінгі білім және әлеуметтік педагогика кафедрасының профессоры ретінде «Мектепке дейінгі педагогика» ғылымының дамуына шәкірттер даярлап, үлесін қосып келе жатқан ғалым. Өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжып отырады, осыған орай жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелеуді мақсат еткен ұстаз. Сондықтан да жастардың болашағын жарқын етіп өміріне жолдама алуға жағдай жасаған ізденісті тоқтатпай, кәсіби шеберлік пен білім деңгейінде нәтижеге жеткенін айта кеткеніміз жөн.

Мұхтар Әуезов: «Ұстаз болу өз уа-

қытынды аямай, өзгенің бақытын аялау», - деп айтқандай, алғаш рет жол танытып, өмірдің қыр сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниеңе нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған ұстаз бейнесі көңіл төрінен орын алары анық. Ұстаз әр адамның жанына білім дәнін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшыратыны белгілі. Жүрегімен сүйіп қабылдаған іске де, досқа да адал Ақсәуле Ерженбайқызы, жалпы осы адалдық алдында ар тазалығымен игілікті іс атқарып, асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгіп келе жатқан жан.

- *Құрметті Ақсауле Ержанбайқызы! Мерей тойыңыз құтты болсын! Сізге денсаулық, отбасыңызға амандық, қызғалдағыңыз Айгүліңіз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, ұзақ ғұмыр кешіңіз! Ұжым алдында мерейіңіз үстем болсын! Ғылым мен білімнің төрінен алар орныңыз әрқашанда биік болсын!*

**Игі тілекпен,**
**профессор Амина Слямхановна АМИРОВА.**

# Профессор Ақсәуле Ерженбайқызы Манкештің ғылымдағы жолы және оның педагогика саласына әсері

Бүгінгі күні өзінің мерейлі 70 жасын атап өтіп жатқан педагогика ғылымдарының докторы, профессор Манкеш Ақсәуле Ерженбайқызы бұрынғы Гурьев қазіргі Атырау қаласында дүниеге келген. 1978 жылы Гурьев мемлекеттік педагогикалық университетін, 2002 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторантурасын бітірген. Еңбек жолын Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Сарықамыс орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастаған ол 1979-1991 жылдары Алматы қаласында балабақшада әдіскер, мектепте мұғалім, 1992-2002 жылдары Алматы қалалық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында әдіскер, кафедра меңгерушісі, 2002-2010 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтында доцент қызметтерін атқарған. 2010 жылдан бері Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және психология институты, мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының профессоры қызметінде.

Профессор Манкеш Ақсәуле Ерженбайқызымен алғашқы танысуым 1992-2002 жылдары менің Білім беру жүйесі басшы және ғылыми-педагогикалық мамандарының біліктілігін арттырудың республикалық институтында бастауыш оқыту және мектепке дейінгі тәрбие кабинетінің меңгерушісі болып қызмет атқарған уақытта басталды. Ол кезде кейіпкеріміз Алматы қалалық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында әдіскер, кафедра меңгерушісі болып жұмыс атқаратын. Республиканың түкпір- түкпірінен білім көтеруге келген сала мамандарына теориялық жаңалықтары жеткізіліп, яғни тек дәрістер оқып қана қоймай, Алматы қаласының мектепке дейінгі мекемелерінің тәжірибесімен таныстыру жоспарланатын. Осындай кездерде Ақсәуле Ерженбайқызымен хабарласып, ең алдыңғы қатарлы балалар бақшасында практикалық сағаттар ұйымдастыруды өтініп жататынбыз. Өзі бастап, әдіскерлер қоштап кәсібилігі жоғары, шығармашыл, шебер тәрбиешілердің сабақтарына қатысып, балалар бақшаларының тартымды тәжірибелерімен танысып пікір алмасулар ұйымдастырылатын. Курс тыңдаушыларының алғысын алып жататын осындай игі шаралардың басында тамаша ұйымдастырушы Ақсәуле Ерженбайқызы жүретін.

Өмірдегі, қызметтегі өзгерістер бізді 2010 жылы тағы да қауыштырды. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 2009 жылы сол кездегі университет ректоры, академик Серік Жайлауұлы Пірәлиевтің көрегендігімен қабылданған шешім бойынша университет ішінде Магистратура және PhD докторантура дербес институт болып бөлініп шықты. Инновациялық бағытта білім беретін мұндай институттың ашылуын зор қуанышпен, әрі құлшыныспен қабылдадық. Ондағы 8 кафедрада елімізге, алыс--ақын шет елдерге белгілі ғалымдар жұмыс жасады. Бұл республикада алғаш ашылған және баламасы жоқ құрылым болды.

Мен басқарған психологиялық-педагогикалық мамандықтар кафедрасы жоғары кәсіби білім беру мемлекеттік стандарттарына сәйкес мына төмендегі мамандықтар бойынша педагогика ғылымдарының магистрлерін: *6М010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі; 6М010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие; 6М050300 – Педагогика және психология; 6М050200 – Психология; 6М010500 – Дефектология; 6М010800 – Дене мәдениеті және спорт және 6D010300 – Педагогика және психология; 6D010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі* мамандықтары бойынша PhD докторларын дайындаумен айналысты.

Жаңадан ашылған құрылымға мамандар тарту ең өзекті мәселе болатындығы белгілі ғой. Әр мамандықтың танымал ғалымдарын шақырып, бірлесе ғылымға еңбек етуге ұсыныстар жасалды. Солардың бірі мектепке дейінгі білім мен тәрбие, балалар бақшасы мен бастауыш мектептің сабақтастығының білгірі Манкеш Ақсәуле Ерженбайқызы болатын. Шақыруды қабыл алған әріптеспен 2014 жылы

Магистратура және PhD докторантура институты тарағанға дейін қызметтес болдық. Өз жұмысына сергек қарайтын, ұйымдастырушылық қабілеті мен адами қасиеті зор әріптеспен әлі де бір оқу орынында қатар еңбек етіп келеміз.

Экологиялық тәрбие қазіргі білім берудегі, әсіресе ғаламдық экологиялық түйткілдер жағдайында басты тақырыптардың біріне айналып отырғандығы мәлім. Ұстаздар мен ата-аналарға жаһандық мәселеге айналып отырған экология проблемасы туралы мәліметтер беріп, балаларды жас кезінен бастап туған елінің табиғаты мен қоршаған ортасына жанашырлықпен қарауға баулу, сол уақытта жеткілікті қарастырыла қоймаған педагогикалық және әлеуметтік өткір мәселелер қатарына жататын. Профессор Манкеш Ақсәуле Ерженбайқызының ғылыми еңбектері адамның табиғи ортаға *деген* саналы қарым-қатынасы, қоршаған ортаны жақсартуға өзіндік үлесін қосуы, бұған ең кішкене - мектепке дейінгі жастан бастап баулу мәселелеріне арналған. Батыс өңірінде өмірге келген Ақсәуле Ерженбайқызының туған топырағынан дарыған батылдығы мен батырлығы педагогикадағы осы бір күрмеуі көп, ғылымда жете қарастырылмаған мәселені зерттеуді ертерек қолға алғызды.

Осылайша Ақсәуле Ерженбайқызы Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы диссертациялық кеңесте алдымен 1998 жылы *«Балабақшаның ересектер тобындағы балаларға қоршаған ортамен таныстыру арқылы экологиялық тәрбие беру»* тақырыбында кандидаттық, ал 2009 жылы «Үздіксіз білім беру процесіндегі экологиялық тәрбие сабақтастығының ғылыми - педагогикалық негіздері (отбасы – балабақша - бастауыш сынып)» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған мектепке дейінгі педагогика ғылымның алғашқы өкілі.

Зерттеу жұмысының практикалық нәтижесі ретінде жазылған «Экологиялық білім беру бағдарламасын» жасап, мектепке дейінгі тәрбие саласына «Экология» пәнін алғашқы рет енгізген де біздің кейіпкеріміз. Бұл тұрғыда профессор Ақсәуле Ерженбайқызының экологиялық білім берудегі зерттеулері мен практикалық әзірлемелері білім беру бағдарламалары мен жастардың экологиялық санасын, мәдениетін қалыптастыру тәсілдеріне айтарлықтай әсер етті деуге әбден болады.

Ғалымның қаламынан туған болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогінің экологиялық құзыреттілігін дамытуға бағытталған материалдар топтастырылған жоғары және жоғарыдан кейінгі мектепке дейінгі білім беру саласының мамандарына, магистранттар мен докторанттарға, мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне, жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарының студенттеріне арналған **«Педагогтің экологиялық құзыреттілігі» атты еңбегінде** жаңартылған білім мазмұны негізінде педагогтерге қойылып отырған жаңа талап түрлері мен мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің экологиялық құзыреттілігін дамытудың ерекшеліктеріне ғылыми сипаттама беріліп, мектепке дейінгі ұйым педагогінің

экологиялық құзыреттілігін дамытудың әдістемесі ұсынылды.

**«Экологиялық білім берудің теориясы мен әдістемесі» деп аталатын оқу құралы** «5В010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының типтік бағдарламасының мазмұны негізінде құрастырылған бұл оқу құралында студенттердің экологиялық-педагогикалық іс-әрекетке кәсіби даярлығын қамтамасыз ету мақсатында, экология ғылымының қалыптасуы, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудің ғылыми-теориялық негіздері, шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріндегі экологиялық білім беру, отбасындағы экологиялық тәрбие, этнопедагогиканың экологиялық тәрбие берудегі мүмкіндіктері қарастырылып, мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесіне арналған.

Ғалым көп жылдардан бері еліміздегі оқулықтар шығаратын ірі «Алматыкітап» баспасымен авторлық байланыста. Осы баспадан шыққан «Экологиялық бағыттағы оқу-әдістемелік кешендер», 2017 жылы шығарылған «Экология негіздері», «Жаратылыстану» электронды оқулықтарының авторы ретінде өзі зерттеген мәселенің өзекті тұстарын балалардың жасына лайықтап шебер ұсынып келеді.

**«Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбындағы** әдістемелік құралда мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңартудың негізгі бағыттары мен мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамытудың ғылыми-теориялық негізі талданып, әдістемесі ұсынылып, тақырыпқа сәйкес оқу қызметінің технологиялық картасының үлгілері берілген.

А.Е. Манкеш 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы. 1 мақаласы Thomson Reuters, 5 мақаласы Scopus базасындағы нөлдік емес импакт-факторлы журналдарда басылым көрген. Scopus базасында 3 Хирша индексіне ие.

Профессор ғылыми орталарда болып жатқан конференциялар мен семинарларға белсенді қатысады, әріптестерімен, шәкірттерімен өз тәжірибесімен бөлісіп, оларда педагогтардың жаңа буынын экологиялық бастамаларды енгізуге шабыттандырып отырады, мектепке дейінгі мекемелердің дамуының беталыстары бойынша дәрістер оқып, тәжірибелік жұмыстар жүргізеді. Сонымен қатар университетте жүргізіліп жатқан ғылыми жобалардың орындауларына ат салысады.

Әр ғалым үшін шәкірт тәрбиелеу, өз ғылыми мектебін қалыптастыру мәртебелі іс болып табылады. Бұл ретте де Ақсәуле Ерженбайқызының атқарып жатқан шаруасы мол. Профессордың жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты, 5 PhD докторы, 30-ға жуық педагогика магистрі дайындалды.

Ғалымның бойында туа берілген қасиеттерден өзге, өзі зерттеген мәселеге сәйкес мінез-құлық қалыптасатындығы белгілі. Ақсәуле Ерженбайқызының адами қарым қатынастағы тазалығы, адалдығы, қайырым-

дылығы осының дәлелі десек болады. Әріптесімнің әрдайым ақжарқын көңілді жүруі, бауырмашылық қасиеті онымен араласқан адамдарды бірден баурап алады. Әсіресе, қарапайым қазақи мінезі үшін шәкірттері мен әріптестері жоғары бағалайды. Дегенменде, шындықтың, әділдіктің жолында әркімнің айтқанына көніп, айдауына жүре бермейтін өзіне тән тік мінезі де оны ерекшелейді.

Білімпаз тұлға, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ақсәуле Ерженбайқызы Манкештің өзіміз таныған тұлғасының жекелеген қырлары ғана бұл. Мерейтой үстінде отандық педагогикада өзіндік жолын қалыптастырған әріптеске бар саналы ғұмырын арнаған ұстаздық пен ғылымға сіңірер еңбегіңіз еселене берсін демекпін. Денсаулық, амандылықта бірге жүрейік, жасыңызға жас қосылсын деп шын жүректен шыққан тілегімді білдіремін!!!

**Ботагүл Алтайқызы**
**ТҰРҒЫНБАЕВА,**
**педагогика ғылымдарының**
**докторы, профессор.**

# Жүрегі таза, нағыз ғалым адам

Мен Ақсауле Ерженбайқызының Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбиені дамытудағы ғылыми еңбектерін ерекше атағым келеді. Апайдың қоршаған ортамен таныстыруда мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру тақырыбындағы зерттеулері, осы бағытта жүргізіліп отырған көптеген ғылыми жұмыстарға арқау болып отыр.

Ақсауле Ерженбайқызы ғалым, педагог-ұстаз ғана емес, үлгілі әріптес. Апайды өте білімді, нағыз ғалым, көңілі кіршіксіз таза, сыпайы, жоғары мәдениетті, байсалды әріптес ретінде білемін. Мұндай пейілі таза, баладай кіршіксіз жүректі адамды қазіргі кезде кездестіру өте қиын шығар. Апайдың ұжымдағы әріптестер мен студенттер арасындағы қарым-қатынаста өзін қарапайым ұстауы, жоғары адамгершілік пен ізгілік қасиеттері, Абайдың «Толық адам» ілімінің көрінісі іспеттес.

Дана да, дара ұстаз салған сүрлеу жолмен келе жатқан қаншама шәкірттері мен әріптестері апайдың ерекше адамгершілік қасиетіне тәнті. Бойында табиғаттан берілген, ешқандай қызметтік лауазым өзгерте алмаған бір қалыптылық, қарапайымдылық, рухани-адамгершілік, мейірімділік, ізгілік қасиеттері, Ақсауле Ерженбайқызының негізгі адами сапасы, бет бейнесі. Мен апайдың қаншама жылдар өтіп, түрлі кезеңдер өткенімен, Алланың берген «АДАМИ» қасиеті мен мінез-құлқының өзгермегенін

білемін.

Ақсауле Ерженбайқызын 70 жас мерей тойымен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір тілеймін. Мына өлең шумақтарын өзіңізге арнаймын.

*Өмірдің өтіп талай өткелінен,*
*Сөз қозғасам Сіз өткен өткелдерден.*
*Тер төктіңіз ұзақ жылдар ұрпақ үшін,*
*Сыр тартсақ, өмір-өзен беттерінен.*

*Келдіңіз 70 жастың асқарына, –*
*Жылдар да өте шықты қас-қағымда.*
*Басып жүр ғой өкшеңізді шәкірттерің,*
*Бастап берген білім-ғылым соқпағында.*

*Толтырып ізгілікті бойыңызға,*
*Әрдайым елдің қамы ойыңызда.*
*«Шашады жырдан шашу» ұжымыңыз,*
*70-ке келген мынау тойыңызда.*

*Өтіпті 70 күзің, 70 қыс аяз өпкен,*
*70 жастың қарсы алар нұрын төккен.*
*Дүбірлетіп, той жасап, елді жиған,*
*70-көктеміңіз келіп жеткен.*

*Із салған ба жүзіңізге қайран уақыт,*
*Күндер батты қаншама таңдар атып.*
*Көпке сыйлы, туысқа аяулысыз,*
*Тек жақсыға қонады мұндай бақыт.*

*Ізіңіз сайрап жатыр жүріп өткен,*
*Студентке білімнің нәрін сепкен.*
*Мектепке дейінгі тәрбиені дамытуда,*
*Ақсәуле апай барынша терін төккен.*

*Көз ілмей, жалғастырып таңды таңға,*
*Педагогика ғылымында шыңға жеткен.*
*Университет абыройын асқақтатып,*
*Ұжым үшін аянбай еңбек еткен.*

*Жан едіңіз тумысыңнан асыл текті,*
*70 жас та дүбірлі келіп жетті.*
*Дөңгелетіп ұжымның бар шаруасын,*
*Апайымыз, профессор болып қызмет етті.*

*Білім атты сарқылмас кенге байсыз,*
*Бетке айтса мақтауды болмас жайсыз.*
*Тура жолға жөн сілтеп, бағдарлайтын,*
*Күндіз «күн» боп тұрасыз, түнде «айсыз».*

*Жалықпайсыз айтудан ақыл ізгі*
*Пір тұтамыз бас иіп затыңызды,*
*Апырау ата-анаңыз болжаған ба?*
*«Ақсәуле» деп қоярда атыңызды.*

*Адал еңбек баянды бола берсін,*
*Көңіл әр кез шаттыққа тола берсін.*
*Мәңгілікке жазылмай көңіліңіз,*
*Бақ-дәулет басыңызға қона берсін!*

**Ізгі ниетпен әріптесіңіз,**
**Рысты КЕРИМБАЕВА,**
**М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.**
**Тараз қаласы.**

# Өнеркәсіп орнының өндірістік құрылымы

Қазіргі заманғы өнеркәсіптік кәсіпорын – бұл материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының өзара байланысын қамтамасыз ететін күрделі экономикалық жүйе. Оның өндірістік-техникалық бірлігі дайындалатын өнімнің тағайындау ортақтығымен сипатталады. Кәсіпорын – құрылымдық бөлімшелерден тұратын тұтас экономикалық жүйе.

Өндірістік құрылым кәсіпорынның өлшемдерін, шығарылатын өнімнің түрлері мен сипатын, технологиясын, өндіріс кооперациясының деңгейін айқындайды. Құрылымдық бөлімшелер: негізгі өндірістік, қосалқы, қызмет көрсетуші, өнеркәсіптік емес шаруашылықтар мен басқару қызметтерінен тұрады.

• Негізгі өндірістік бөлімшелер шикізатты дайын өнімге айналдырады;

• Қосалқы бөлімшелер жабдықтау, энергиямен қамтамасыз ету, жөндеу жұмыстарын орындайды;

• Қызмет көрсетуші бөлімшелер көлік және қойма қызметтерін атқарады;

• Өнеркәсіптік емес шаруашылықтар қызметкерлерге тұрмыстық және әлеуметтік қызмет көрсетеді;

• Басқару қызметтері кәсіпорын бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастырады.

Кәсіпорынның өндірістік құрылымына тек өндірістік бөлімшелер кіреді, ал тұрғын үй-коммуналдық, медициналық мекемелер сияқты бөлімдер кірмейді.

Өндірістік құрылымның үш деңгейі бар:

• цехтар, шаруашылықтар, қызметтер;

• учаскелер, бөлімшелер, аралықтар;

• жұмыс орындары.

Жұмыс орны – өндірістік процестің негізгі буыны. Ол қажетті құралдармен жабдықталып, өнім өндіруге арналған.

Өндірістік учаске – белгілі бір технологиялық процесті орындауға арналған жұмыс орындарының жиынтығы. Ірі кәсіпорындарда учаскелер цехтарға біріктіріледі.

Цех – өнім өндірісінің немесе процестің бір бөлігін жүзеге асыратын кәсіпорынның ұйымдасқан бөлімі. Оны басқару цех бастығына жүктеледі.

Цехтар түрлері:

• Негізгі цехтар – өнім өндіруді жүзеге асырады;

• Қосалқы цехтар – негізгі өндірісті энергия, құрал-жабдықпен қамтамасыз етеді;

• Қызмет көрсетуші цехтар – көлік, қойма және зертханалық қызметтерді атқарады;

• Қосалқы өндіріс цехтары – ыдыс, отқа төзімді бұйымдар өндірісімен айналысады;

• Жанама өндіріс цехтары – өндіріс қалдықтарын қайта өңдейді;

• Эксперименттік цехтар – жаңа бұйымдардың үлгілерін әзірлейді.

Өндірістік құрылым кәсіпорынның үздіксіз және тиімді жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған.

1-суретте цехтың өндірістік құрылымы көрсетілген.

Кейде ірі кәсіпорындардағы біртекті цехтар корпусқа біріктіріледі. Ал салыстырмалы қарапайым өндірісі бар шағын кәсіпорындарда цех-




Сурет 1. Цехтың өндірістік құрылымы

тар құру орынсыз. Өндірістік құрылым түрлеріне цехтық, цехсыз және корпустық құрылымдар жатады.

Цехтық құрылым – цехтардан, учаскелерден және жұмыс орындарынан тұрады.

Цехсыз құрылым – учаскелер мен жұмыс орындарынан тұрады.

Корпустық құрылым – корпустарды, өндірістерді, цехтарды, учаскелерді және жұмыс орындарын қамтиды.

**Өндірістік құрылым түрлері**

Цехтарды ұйымдастырудың негіздері: технологиялық; пәндік; аралас.

Осыған байланысты кәсіпорынның өндірістік құрылымының үш түрі бөлінеді.

Технологиялық құрылымда цехтар мен учаскелер технологиялық біртектілік принципімен құрылады. Олар әр түрлі бөлшектерді дайындау немесе өңдеу бойынша біртекті операциялар орындайды. Мысалға, тоқыма өнеркәсібіндегі иіру, тоқу цехтары және машина жасау саласындағы термиялық, механикалық цехтар жатады.

Технологиялық құрылымның кемшілігі – басшылық өндірістік процестің белгілі бір бөлігіне ғана жауапты болады. Әр түрлі бөлшектердің өңделуі жабдықты тиімді орналастыруды қиындатады, өндірістік циклды ұзартады және тасымалдау шығындарын арттырады. Бұл құрылым көбіне дара және ұсақ сериялы өндірісте қолданылады.

Пәндік құрылымда учаскелер белгілі бір өнім немесе өнімдер тобын дайындауға бағытталады. Бұл құрылымда технологиялық жағынан әртүрлі процестер мен жабдықтар қолданылады. Ол сериялы және жаппай өндіріс үшін тиімді. Пәндік мамандану сериялық өндірісте пәндік-тұйық учаскелерді құруға, жаппай өндірісте ағынды желілер ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Аралас құрылымда техникалық мамандандырылған цехтар шектеулі өнім номенклатурасымен жұмыс істейді. Мұнда дайындау цехтары технологиялық қағидатпен, ал өңдеу мен құрастыру цехтары пәндік қағидатпен ұйымдастырылады. Ара-

лас құрылым машина жасау кәсіпорындарында кеңінен қолданылады.




Сур. 2. Технологиялық маманданған кәсіпорынның өндірістік құрылымы (фрагмент)




Сур. 3. Пәндік мамандануы бар кәсіпорынның өндірістік құрылымы (фрагмент)

Өндірістік құрылымды анықтайтын факторлар

Кәсіпорынның қызмет мазмұны мен сипаты оның сыртқы және ішкі шарттарымен айқындалады.

Сыртқы жағдайларға:

- шаруашылық жүргізу жүйесі (нарықтық, жоспарлы, аралас);
- құқықтық негіз;
- мемлекеттік реттеу дәрежесі;
- әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер.

Ішкі факторлар өз әсерінің сипа-

тына қарай үш топқа бөлінеді:

1. Өндірісті ресурстық қамтамасыз ету факторлары – ғимараттар, жабдықтар, көлік құралдары, шикізат, материалдар, жұмыс күші және т.б.;

2. Экономикалық және техникалық даму факторлары – ғылыми-техникалық прогресс, еңбек пен өндірісті ұйымдастыру, біліктілікті арттыру, инновациялар;

3. Коммерциялық тиімділікті қамтамасыз ететін факторлар – маркетинг, жарнама және т.б.

Бұл үш топтың арасында қатаң шекара жоқ. Бірінші топ кәсіпорынның мүмкіндіктерін анықтаса, екінші топ осы мүмкіндіктерді іске асыруға әсер етеді. Үшінші топ өндірістің нарық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Кәсіпорынның құрылымын сипаттайтын көрсеткіштер

Құрылымды сандық талдау үшін келесі көрсеткіштер қолданылады:

1. Өндірістік буындардың мөлшері – өнім көлемі, саны, негізгі қорлардың құны, энергетикалық қуаты;

2. Өндірістерді орталықтандыру дәрежесі – мамандандырылған бөлімшелерде орындалған жұмыстардың үлесі;

3. Негізгі, қосалқы және қызмет көрсететін өндірістер арақатынасы – жұмысшылар саны, жабдықтар саны, алаң көлемі, негізгі қор құны бойынша үлес салмағы;

4. Өндірістік буындардың тепетеңдігі – өндіріс процесінің қуаты мен еңбек сыйымдылығы бойынша сәйкестігі;

5. Мамандану деңгейі – жұмыс орындарының мамандану дәрежесі, өндірілетін деталь-операция саны.;

6. Кәсіпорынның кеңістіктік орналастыру тиімділігі – ғимараттар мен құрылыстардың жалпы аумаққа қатынасы арқылы анықталады;

7. Бөлімшелер арасындағы өзара байланыс сипаты – қайта бөлулер саны, көлік маршруттарының ұзақтығы, жүк айналымы көрсеткіштері.

Құрылымды құру кезінде көзделетін талаптар

• цехтар мен учаскелердің жоғары деңгейде мамандануы;

• қайталанатын немесе ұсақталған құрылымдардың болмауы;

• өндірістің үздіксіздігі мен тура ағымдылығы;

• өндірісті тоқтатпай кеңейту және қайта бейіндеу мүмкіндігі.

**Жүсіп Нурхатұлы ТУРИСПАЕВ,**
**«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасының студенті.**
**Эльмира Асылбековна СЕРИКБАЕВА,**
**PhD, қауымдастырылған профессор.**
**Назгуль Оналбековна МАКАШЕВА,**
**кафедра лекторы.**
**С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті.**
**Алматы қаласы.**

# Инновационные подходы в организации дополнительного образования: phygital-концепция и ранняя профориентация



**Дауирхан Сейдалиевич КОЖАХМЕТОВ,**
**директор ГККП «Дом школьников №1»**
**Управления образования г. Алматы, руководитель-лидер, магистр педагогических наук.**
**г. Алматы.**

**Аннотация.** В статье рассматриваются инновационные пути развития системы дополнительного образования в условиях цифровизации общества. Особое внимание уделено интеграции физической активности и цифровых технологий (phygital-подход), а также разработке механизмов ранней профориентации через взаимодействие организаций дополнительного образования с вузами и колледжами. Представлены методические рекомендации по внедрению новых форм работы и анализ ожидаемых результатов.

**Ключевые слова:** дополнительное образование, phygital, цифровые технологии, профориентация, инновационные программы.

Система дополнительного образования в XXI веке приобретает особую значимость как пространство формирования у детей и подростков навыков, необходимых для жизни и профессиональной реализации в быстро меняющемся мире. Новые технологические вызовы, глобализация рынков труда, развитие экономики знаний требуют от образовательных учреждений гибкости, инновационности и готовности интегрировать достижения науки и технологий в образовательный процесс. [1]

По данным исследований ЮНЕСКО и ОЭСР, именно дополнительное образование сегодня наиболее чутко реагирует на изменения социального запроса, предоставляя возможность формирования креативности, критического мышления, цифровой грамотности и проектных навыков. В этой связи модернизация содержания дополнительного образования становится важнейшей задачей национальной образовательной политики. [2]

Особую актуальность приобретают направления, сочетающие физическое развитие, цифровые компетенции и раннюю профориентацию. В условиях цифровой трансформации концепция phygital и системное взаимодействие с вузами и колледжами позволяют значительно рас-

ширить горизонты возможностей для обучающихся, обеспечивая им ранний доступ к компетенциям будущего. [3, 4]

Инновационные подходы в дополнительном образовании опираются на несколько ключевых теоретических оснований:

- **Компетентностный подход** (Асмолов А.Г., Хуторской А.В.) ориентирует образовательные программы на формирование универсальных умений и навыков, а не только на передачу знаний [5];
- **Концепция развития через активную деятельность** (Выготский Л.С., Леонтьев А.Н.) подчеркивает важность вовлечения детей в практическую, исследовательскую, проектную деятельность;
- **Идеи интеграции и междисциплинарности** предполагают объединение знаний и умений из различных областей науки, искусства и спорта.

Таким образом, современное дополнительное образование должно развиваться в логике кроссдисциплинарности, практико-ориентированности и персонализации обучения.

Предлагается реализация двух взаимосвязанных программ, направленных на формирование новых моделей взаимодействия организаций дополнительного образования с внешними партнерами, в числе которых высшие учебные заведения, колледжи и научные учреждения, и обеспечивающих ранний доступ обучающихся к современным образовательным и профессиональным траекториям. [6]
